



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 20 тамыз

Теңгенің АҚШ долларына қатысты орташа алынған биржалық бағамын белгілеу және Қазақстан Ұлттық Банкінің валюталық операцияларын «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тағы T+1 есеп айырысу жүйесіне ауыстыру туралы

2018 жылғы 10 қыркүйектен бастап теңгенің АҚШ долларына қатысты ресми бағамы «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тағы T+1 есеп айырысу мерзімдерімен негізгі және қосымша сессиялардың қорытындысы бойынша орташа алынған биржалық бағам негізінде белгіленетін болады. Теңгенің долларға қатысты ресми бағамын белгілеу қағидалары өзгермейді, тек алаң «USDKZT_TOD» (мәміле жасалған күнгі есеп айырысу) секторынан «USDKZT_TOM» (мәміле жасалған кейін келесі күнге арналған есеп айырысу) секторына өзгереді.

Ұлттық Банктің «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тағы валюталық операциялары да T+1 жүйесі бойынша есеп айырысулармен «USDKZT_TOM» секторында жүргізілетін болады.

T+1 есеп айырысу жүйесі халықаралық практикаға сәйкес келеді және әлемдік қаржы нарықтарында операциялар жүргізу үшін стандарт болып табылады. Есеп айырысуды қазіргі T+0-ден T+1-ге дейін өзгерту әлемдік қаржы нарықтарымен ықпалдасуды тереңдетуге, шетелдік портфельдік инвестицияларды тарту есебінен өтімділікті ұлғайтуға ықпал етеді, бұл Қазақстанның мемлекеттік қағаздар нарығына Clearstream жүйесі арқылы қол жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі жобаны іске қосуға байланысты ерекше өзекті болады.

T+1-ге өту екінші деңгейдегі банктердегі өтімділікті болжау жүйесін жетілдіруді ынталандырады, бұл валюта нарығындағы да, ақша нарығындағы да құбылмалылықты болдырмауға мүмкіндік береді.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz